

- 13 Peter Zh. New Media, New Literary Theory, and New Literature from an Interological Horizon // Signs and Media, Volume 2, Issues 1–2, 2023, Pages 1-22
14 Berikbolova P., Abiy A., Aydogdu S. History of Kazakh Literature Classification // Procedia – Social and Behavioral Sciences, Volume 122, 19 March 2014, Pages 189-193
15 Buzaubagarova K. Regarding to the Question of Poetics of Kazakh Heroic Epic // Procedia – Social and Behavioral Sciences, Volume 192, 24 June 2015, Pages 656-659

Received: 18.06.2024

МҒТАР 16.01.11; 16.21.45

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss4pp206-219](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss4pp206-219)

А.М. Картаева¹, К.А. Кусманова¹, К.К. Молгаждаров², А.О. Спатай³

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, 070020, Қазақстан Республикасы

²Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

³Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент, 160000, Қазақстан Республикасы

І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНА ҚАТЫСТЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Мақалада Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында кездесетін Ұлы Жібек жолы бойындағы жер-су атауларының қолданылуын қарастырады. Ұлы Жібек жолының адамзат өркениеті мен тарихындағы маңызы, сондай-ақ сауда мәдениетіндегі қызметі айтылады. Қазақ халқының тарихи шежіресін кең құлашта суреттеген көрнекті жазушы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын талдауға басты назар аударады. Трилогияның қазақ прозасындағы орны, қозғалатын тақырыбы, идеясы, сюжет желісі, образдар жүйесі сөз болады. Бұл шығарма қазақ халқының бес жүз жылдық тарихын жаңғыртуға және тарихымыздың белгілі тұлғаларының бейнесін жасаған тарихи энциклопедия екені дәйектеледі. «Көшпенділер» трилогиясындағы Ұлы Жібек жолына қатысты топонимдерді тауып, жазушының шығармада жер-су атауларын қолданудағы тарихи көркемдік шеберлігі сараланады. Ел мен жердің тарихынан мәлімет беретін жер-су атаулары «Көшпенділер» трилогиясында көп кездесетінін анықтап, олардың шығармада маңызды қызмет атқаратыны дәлелденеді. Ұлы Жібек жолы бойындағы жер-су атаулары шығармада табиғат көріністерін, ел-жер тарихын, кейіпкерлер характерлерін бейнелеу кезінде қолданылатыны анықталып, жазушының көркемдік шеберлігіне талдаулар жасалады. Шығармада өзендер, көлдер, таулар ежелден келе жатқан тарихи атаулармен аталатыны көрсетіледі. Жібек жолы бойындағы жер-су атаулары «Көшпенділер» трилогиясында көрініс тауып, тарихи шындықпен көркемдік тұрғыдан шебер бейнеленгенін тұжырымдайды.

Кілт сөздер: трилогия, ұлы Жібек жолы, жер-су атаулары, топонимдер, тарихи роман.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Ұлы Жібек жолы б.э.б. II ғасырдан бастап Шығыс Азиядан Жерорта теңізіне дейін салынған көне керуен жолы екені бәрімізге белгілі. Көне Қытайдың Сиан-Ланьчжоу-Дуньхуан қалаларынан бастау алатын керуен жолы, негізінен, қытай жібегін саудалау мақсатында пайда болды. «Ұлы Жібек жолы» терминін алғаш енгізген (1877 ж) неміс географ-ғалымы Ф.фон Рихтгофен жолдың осы ерекшелігін ескерген.

«Алғашқы кезеңінде, Жібек жолы Такла-Макан шөл даласын айналып өтуге байланысты екі бағытта соқпақ салды: оңтүстік жол Гаочан – Тянь-Шанның күнгей жағы – Қарашар – Куча

– Ақсу – Ыстық көл – Шу – Талас – Исфара бағытымен жүрсе, солтүстік жол Гаочан – Жоңғарияның күнгеі – Үрімші – Манас – Күркіреусу – Еренқабырға – Іле – Орта Азияға қарай бет алған» [1, 88].

Жібек жолының кезекті бір даму кезеңі Бірінші Түркі қағанатының пайда болуынан басталады. Көне түріктер 570-ші жылдардан бастап, Жібек жолын бақылауға алып, саудагер соғдыларға емін-еркін сауда жасауға жағдай жасайды. Сол кезде Жібек жолы Түркі даласына да тарамдалып, Өтүкен, Енисей, Орталық Қазақстан, Еділ бойына дейін керуендер жол тартады.

Тарихшы, географ ғалымдардың зерттеулері бойынша, әрине, сауда жолдары Жібек жолынан бұрын да болған. Сак, ғұн қорымдарынан табылып жатқан қытай жібегі мен ақшаларының белгілері түйелі керуендердің Евразия далаларын ежелден шиырлап келгенін дәлелдейді.

Топонимика - географиялық атауларды, олардың пайда болуын, дамуын, қазіргі жағдайын, семантикалық мағынасын, этимологиясын зерттейтін ономастиканың саласы. Топонимика тілі білімінде жан-жақты әрі терең зерттелген. Қазақ топонимикасын Э.М.Мурзаев, Ғ.Қоңқашпаев, Е.Қойшыбаев, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақ, В.Н.Попова, О.Т. Молчанова, А.Е.Жартыбаев, Б.Н.Бияров т.б. ғалымдар әр қырынан зерттеп, осы ғылыми бағыттың дамуына зор үлес қосты. Ұлы Жібек жолының жер-су атаулары А.Бекжан, Б.Бияров, Қ.Кенжалиннің ғылыми еңбектерінде кездеседі. Бұл еңбектерде Ұлы Жібек жолындағы жер-су атауларының этимологиялық жағы қарастырылады.

Ұсынылған зерттеуде І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы Ұлы Жібек жолына қатысты жер-су атауларын тауып, автордың шығармада қолдану себептерін анықтау көзделеді. Жер-су атауларын шығармада қолданудағы жазушы шеберлігіне талдау жасалады.

КІРІСПЕ

Ұлы Жібек жолы – әлемдік мәдениет пен өркениет саласындағы тарихи ескерткіштерінің бірі. Біздің дәуірімізге дейінгі 2 ғасырда басталған бұл жол Еуропа мен Азияны, Батыс пен Шығысты байланыстыратын көпір болды. «Қытайды Рим империясымен байланыстыратын «Жібек жолы» Еуразия континентінің әр түрлі бөліктерін Орталық Азия арқылы байланыстыратын ежелгі жолдардың күрделі желісі» [2]. Ол Қазақстан жерін кесіп өтетіндіктен, VI ғасырдан бастап екі бағыт кеңінен дамыды: Сырдария және Тянь-Шань арасындағы жолдар. Ең басында бұл жол Қытайдан басталып, Шығыс Түркістан Қашқар арқылы Жетісуға, одан әрі Сырдария өзені бойымен, Арал теңізіне жақын, одан әрі батыс елдеріне қарай созылды.

Қытайдан бастау алған сауда жолы Орталық Азия арқылы бүкіл Еуропаға тарағаны белгілі. Хан патшалығы кезінде өркендей бастаған Жібек жолы бұдан 3-4 мың жылдай бұрын Қытайдың Орталық Азия халықтарымен достық қарым-қатынасты нығайту үшін салған жобасы деседі.

Ұлы Жібек жолы Қытайдан басталып, түркі, парсы, үнді елдерін басып өтіп, Еуропа елдеріне дейін барғаны белгілі. Мақалада ұлы Жібек жолы бойындағы жер-су атауларының қазақ халқының тарихи энциклопедиясы, көркем шежіресі Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында кездесетіні зерттеледі. Жазушының «Көшпенділер» трилогиясында ұлы Жібек жолы бойындағы жер-су атауларын қолданудағы тарихи көркемдік шеберлігіне талдау жасалады.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы - XV-XIX ғасырлар арасындағы қазақ елінің басынан кешкен тарихи оқиғаларын, Қазақ хандығының құрылған кезеңін, еліміздің азаттық жолындағы күресін, тарихи шындықты көркем бейнелеген әдебиетіміздің бірегей туындысы. Трилогияда халқымыздың тарихындағы аса қиын, шытырманды кезеңдердің тарихи шежіресі жасалады. Р.Бердібай өзінің «Тарихи роман» атты зерттеуінде туындыны «тарихи-мәдени, идеялық-көркемдік мәнінің» тереңдігіне байланысты «роман-эпопея, тұтас бір елдің жанды шежіресі, көркемделген тарихы» деп атайды [3, 52]. Солтүстіктен Жоңғар

қоңтайшылары, Оңтүстіктен Қоқан, Хиуа хандарының, Күншығыстан Қытай боғдыхандарының бірінен кейін бірінің қазақ елін қанға бөктіріп, бөрідей талауының тарихи да көркем полотносы беріледі. Ел қорғау шайқастары, тақ үшін талас, жер үшін болған қақтығыс, әдет-салт көріністері, халықтың ауыр тұрмысы шынайы бейнеленеді.

Жазушы әдеби шеберлікпен ғана емес, тарихқа бойлай отырып, оның ішкі, сыртқы дүниелерін шындықпен көрсетеді. Осы жөнінде академик Р.Нұрғали: «Қазіргі заман әдебиетінде тарихи тақырыптағы терең бейнеленген романдар легі дүниеге келді. І.Есенберлин ұлты үшін жанын берген, қалам қайратымен қазақ халқының азаттығы үшін арпалысқан арыстан жүректі суреткер еді», - деп жазушының тарихи тақырыпты батыл қозғағаны туралы айтады [4, 235].

Қаламгердің бұл шығармасы қазақ халқының бес жүз жылдық тарихын жаңғыртуға және тарихымыздың белгілі тұлғаларының бейнесін жасауға арналған себепті, кеңестік идеологияның үстемдігі кезеңінде оны жариялау қиынға соқты. Ол туралы жазушы өз сұхбатында былай дейді: «Тарихи туындыны соңғы кітаптан бастап жазуымның себебі – жиналған архив деректерінің көптігі, оқиғада көрсетілетін дәуірлер ауқымының кеңдігі, ойлаған, жоспарлаған кітаптарды түгелдей жазуға ғұмырым жете ме, жетпей ме деп күдіктендім. Мұның себебі бар. Ең басында, тарихи деректерді жинап жүрген уақытта, кітапқа кіріспес бұрын, іштей жоспарлаған едім. Сол ойлаған жоспарым халқымыздың бес жүз жылдық тарихын қамтитын трилогия болып туындады», – дейді [5, 209-213].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Ұлы Жібек жолының жер-су атауларын зерттеу ғылыми тұрғыдан әлі қолға алынбай, зерттеуді қажет ететін сала болып саналады. Ғылыми еңбектердің көпшілігінде Жібек жолының тарихы, географиясы қарастырылады да, жер-су атаулары туралы айтылмайды. Соның ішінде, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы Ұлы Жібек жолына қатысты жер-су атаулары зерттеу нысанына алынбаған. Зерттеудің негізгі мақсаты осы олқылықтың орнын толтыру, атап айтқанда, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы Ұлы Жібек жолына қатысты жер-су атауларына талдау жасау болып табылады.

Зерттеу бағытына байланысты прозадағы тарихи шындық пен көркемдік шешімге қатысты әдебиеттанушы ғалымдар еңбектері пайдаланылды. Топонимика саласындағы зерттеулер дәйек ретінде қолданылды. Зерттеу жүргізу барысында мәтіндік жұмыс, тарихи-салыстырмалы әдіс, сипаттау тәсілдері негізге алынды.

«Көшпенділер» трилогиясының жанры, поэтикасы, сюжеті мен композициясы, тарихи шындық пен көркемдік шеберлігі Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Ш.Елеуенов, Х.Әдібаев, Қ.Алпысбаев, Т.Сыдықов, Ж.Ибраева, Қ.Аралбаев, А.Мауленов, М.Балтымованың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Бұл зерттеу Ұлы Жібек жолының жер-су атаулары мен ел мен жер тарихын ұлықтап қана қоймай, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының тарихи әдеби маңызын аттыра түседі.

НӘТИЖЕЛЕР

«Көшпенділер» трилогиясындағы бас қаһарман – халық, халықтан шыққан батыр, елжанды азаматтар. Қазақ хандарының тарихи тұлғалары тұңғыш рет І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында сомдалады. Жазушы кесек тұлғалар образын жасауда ерекше шеберлікпен танылады. Халық аңыздарын, мифтерін шебер қолданып, келісті өрнектейді.

Трилогияда оқиғалар тізбектеліп, сюжет желісі шебер құрастырылған. Кейіпкерлердің образдары келісті сомдалған. Әлеуметтік, саяси жағдайлар мен тарихи оқиғалар өзара сабақтасып, авторлық көркемдік тұтастықты сақтап, шығармашылық шеберлікпен жазылған. «Белгілі жазушы І.Есенберлин қазақ тарихи әдебиетінде бұрын қозғалмаған тақырыпқа қалам тартып, тың жаңалық әкелді. Кеңестік идеологияның қатал цензурасы мен тоталитарлық жүйеден қорықпай, ұлтшылдық жаладан қаймықпай, қазақ хандары мен сұлтандардың, билер

мен ақын-жыраулардың, халық батырларының тұлғасын сомдауды өзінің Азаматтық борышы деп білді. Қазақ халқының бай салт-дәстүрі, терең мағыналы ғұрыптары, атадан балаға жалғасып келе жатқан этнографиялық биік мәдениеті Азамат жазушы қаламымен сәнді, нақышты өрнектелді. Дана халқымыздың бай фольклорлық мұрасы мен ауыз әдебиеті үлгілерін, шұрайлы тілін дәріптеу арқылы тарихты бедерлеуі жазушының Азаматтық парызының биігі саналады» [6, 23].

Ел мен жердің тарихынан мәлімет беретін жер-су атаулары «Көшпенділер» трилогиясында көптеп кездеседі. Соның ішінде мақаланың зерттеу нысаны ретінде алынып отырған Жібек жолы бойындағы жер-су атаулары трилогияда молынан ұшырасады. «Жер-су, елді мекен атаулары халқымыздың бай тілі негізінде жасалып, халық тарихымен байланысты дамиды. Топонимикалық атаулар белгілі бір оқиғалардың мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көзінің сырын саралап, танып-білуге септігін тигізеді. Олай болса, топонимдер - «жердің тілі, жазылмаған кітап» қана емес, сонымен қатар жер тарихы мен ел тарихын танытар, оның өмірінен сыр шертер тарихи шежіресі» [7, 16].

Жібек жолы бойындағы жер-су атаулары «Көшпенділер» трилогиясының тарихи шығарма екенін дәлелдейтін бірден-бір тарихи факт деуге болады. Трилогияның 1-ші кітабы «Алмас қылыш» романында Жібек жолы бойындағы топонимдерден: Ақсу, Алмалық, Бадахшан, Герат, Дешті Қыпшақ, Жаркент, Жейхүн, Ирак, Иран, Ыстықкөл, Қаратау, Кавказ, Қашқар, Қытай, Мәуреннахр, Моғолстан, Отырар, Самарканд, Сайрам, Ташкент, Памир, Түркістан, Сарайшық, Сейхун, Тараз, Тибет, Тұрфан, Ферғана, Ханбалық, Хорезм, Шу, Іле, т.б. жер-су атаулары кездеседі.

Ал 2-ші кітап «Жанталас» романында Жібек жолы бойындағы топонимдерден: Ақсу, Бадахшан, Балх, Бұхара, Дешті Қыпшақ, Ертіс, Жаркент, Қаратау, Қашқар, Қытай, Моғолстан, Отырар, Сайрам, Сарайшық, Сейхун, Ташкент, Тибет, Тұрфан, Түркістан, Хорезм, Шу, Іле, т.б. жер-су атауларын кездестіруге болады.

ТАЛҚЫЛАУ

«Көшпенділер» трилогиясында кездесетін Жібек жолы бойындағы топонимикалық атаулар шығармада маңызды қызмет атқарады. Хандардың, билердің, ру басыларының атқаратын лауазымдарын айқындап, олардың сол мекендегі орнын көрсетеді. Мәселен: «Өзге жұрт өзінің шен-шекпеніне қарай орын алады. Алдыңғы жағында ханға жақын, *Қашқар, Ақсу, Тұрфан, Жаңғы* секілді үлкен өмірліктің хакімдері, олардан сол кейініректеу *Моғолстан* хандығының тірегі *Үйсін, Жалайыр, Дулат, Найман, Керей, Қаңлы* тәрізді қазақ руларының белгілі ру бастықтары, билері, батырлары, бұлардан соң барып, *Шолаққорған, Жаркент* тәрізді шет қалалардың әкімдері, діни адамдар, софы, ишан, мүриттер...» [8, 86]. Бұл үзіндіде хандықтың орналасқан мекендері, қазақ руларының орталығы, шет қалалардың орындары нақтылы аталады. Осы жерде аталатын Моғолстан хандығына тоқталатын болсақ, Моғолстан хандығы - XIV ғасырдың ортасында құрылған. Ол Шағатай әулеті иеліктерінің шығыс бөлігінде қалыптасқан. Бұл мемлекеттің негізін қалаған Тоғлық Темір (1348-1362) болды. Астанасы – Іле алқабындағы Алмалық қаласы болды. «Алмас қылыш» романында ол туралы былай делінген: «*Моғолстан* мен *Дешті Қыпшақтың* ортасындағы бүкіл *Түркістан* өлкесі *Әбілқайырдың* қолында тұрған» [8, 84].

Қытайдан басталып Орталық Азия елдерін басып өтіп, Еуропаға тараған Ұлы Жібек жолы сауда мәдениетін қалыптастырғаны тарихтан белгілі. Бұл мәлімет «Алмас қылыш» романында былай деп беріледі: «Сығанақ пен Созақты алғаннан бері *Қыпшақ даласы* мен *Моғолстан*, Алтын хан, Қара теңіз жағасындағы қалалармен сауда-саттық жұмысын күшейту - хан әсіресе көңіл бөлетін мәселелер еді» [8, 129].

Ертедегі елімізді мекендеген тайпалардың арасындағы соғыстар, жаулап алушылықтар, кейіннен Жоңғар қалмақтарының шапқыншылықтары, патшалық Ресейдің отаршылық саясаты, т.б. көптеген тарихи оқиғалар жер-су атауларына өз іздерін қалдырды. Мәселен: «Сол күннен бастап сонау Еділ мен *Ертістің* ортасын *Дешті Қыпшақ* жері не *Қыпшақ даласы* деп

атап кеткен. Қыпшақтар он бірінші ғасырдың орта шенінде Днепр өзеніне келіп жеткен» [8, 27]. Жазушы Дешті Қыпшақты ерекше сипаттап романда: «*Дешті Қыпшақ* жері - түйенің терісі тәрізді мол дүние», - деп көтере мадақтайды [8, 131].

Осы үзіндідегі Ертіс өзенінің атауына тоқталсақ:

1. М.Қашқари (XI ғ.) "Кім тез өтеді?" деген мағына береді дейді де, «Ертішті – бәсекелесіп өтісті; бәстесіп өтісті ... Ертішүр – ертүшмек – Бәске өтісер – бәске өтіспек» деген мысал келтіреді [9, 273].

Бұдан, біз, *ерт* сөзінің "өт", "өту" мәнінде қолданылып тұрғанын көреміз. Көне түркі сөздігінде (ДТС): "*Ерт* - проходить, миновать" мәнін береді дейді де, сол М.Қашқаридың "өдлен ертті - время прошло" деген мысалын келтіреді (ДТС,1969,182). Көптеген ғалымдар бұл пікірді халықтық этимология деп табады, алайда өзен атауының сырын ашуға осы пікір жетелейтін сияқты. Оның үстіне XI ғасырда өмір сүрген Әбу Сайид Гардизи өз еңбегінде Ертіс атауын *ер* + *түс* сөздеріне бөледі де, "адам, төмен түс" мәнінде тұр дейді [10, 70].

Дұрысында: "Ер болсаң, суға түс, өтіп көр" деген мәнді меңзейтіндей.

2. П.П.Семенов-Тянь-Шанский: «Иртыш – қырғыз (қазақ) тілінде *ир* – «жер» + *тыш* (*тіс*) – «қазу» түріндегі сөздерден біріктіреді. Мұндағы әуелгі қателік гидронимді "Иртыш" деп алуында жатыр. Саяхатшы-ғалым "Ертіс" түрінде алып талдаса, мүмкін шындыққа жақындар еді.

3. В.В.Бартольд: «*Артыш* (*эртиш*) нұсқасында алады да, Гардизидің пікіріне сүйеніп, «адам (ер), төмен түс» мағынасында тұр деген тұжырым жасайды.

4. А.П.Дульзон: Иртыш «кет тіліндегі *ир*+*сес* сөздерінен бірігіп, «өзен+өзен» мәнін береді. *Ирсес* > *Ирчис*>*Иртыш* тұлғалық өзгерістерін бастан кешкен», - дейді (Дульзон,1960,9). Жер-су аттарын зерттеу барысында, екі сыңары да бір ғана мағына туғызатын атауларды жасаудың қажеті болмағанына көз жетті. Сонымен қатар ғалым кет тайпасының Ертіс бойын мекендегеніне дәлел келтірмейді.

5. Э.М. Мурзаев: «Көне түркі. *ир*.; қаз. *иірім*, түрік. *ирмок* «өзен», өзб. *ирмок* «өзеннің сағасы» + кет. *сес*, *шеш* «өзен» сөздерінен жасалған болуы керек дейді. Бұл болжамның А.П.Дульзонның пікірімен үндесіп жатқанын байқау қиын емес.

6. Г.Й.Рамстедт: «*Ertis* – «катал, ашулы, тасқынды», - мәнінде тұр деген көзқарасты келтіреді, бірақ нақты тілдік талдау жасамайды.

7. Қазақ ғалымы А.Әбдірахманов: «Түрік. *ир* > *ер* «иір» + кет.*сес*//*шеш*//*тес* // *тыш* «өзен,су» сөздерінен біріккен. *Иіртес* > Ертіс, яғни «иір өзен», - деп шешеді [11, 93].

8. А.К.Матвеев, В.И.Попова т.б.: «*Ар*//*ер* «су, өзен» + *тыш* // *тіс*, *сес*, *ас*, *ес* «су, өзен» тұлғаларынан біріккен дейді. Екі сыңары да бір мағынаны қайталайтын атаулардың болмайтыны бұл пікірді теріске шығарады.

9. Т.Жанұзақ: «*jer* «жер» + *tic* < *ic* «өзен», яғни Ертіс «жер суы», «жерден шыққан өзен» мағынасын беріп, Қарасу атауына сәйкес келеді» деп шешеді [10, 71]. Мұндағы *ic* сыңары неге *tic*-ке айналып кететіні дәлелденбеген.

Келтірілген болжам-пікірлердің бәрін де құптай отырып (теріске шығару үшін нақты этимологиясы ашылуы керек), олардағы негізгі мәселе Ертіс атауының құрамындағы «*t*» дыбысында тұрғанын байқау қиын емес. Барлық келтірілген анықтамаларда «*t*» екінші сыңарға таңылып отырады (тыш//тіс) немесе мүлде ұмыт қалады. Ал көне түркі, бірқатар үндіевропа елдерінде «өзен, су» мәнін беретін көне тұлға *ас/ес*, *ыс/іс*, *с* болса керек еді.

Біздің болжам-пікіріміз бойынша, Ертіс атауы өте көне гидроним болғандықтан (профессор Т.Жанұзақтың айтуынша, Ертіс атауына кем дегенде екі мың жылдан асады), бір буынды үш сөзден тұрады деуге болады. Тілдің алғашқы даму сатысында бір буынды сөздердің басым болғаны анық. Атап айтқанда, *Er* + *it* + *ic* > *Ertis* (соңынан дауысты келгенде, ортаңғы қысаңдардың түсіп қалуы тіл білімінде алшақ элизия құбылысы деп аталады: орын + ы > орны). Мұндағы *er* түбірі көне түркі. *eruih/eris* Э.В.Севортян сөздігінде «основа ткани», «горизонтальные жерди, вставляемые между вертикальными стойками при плетенки стен амбара» сөзінде кездеседі (Севортян,1974,294). С.Аманжоловтың монографиясында: «*Eris* (*uiric*): арқау (основа в ткани). Ильм., 58» түрінде түсінік беріледі

[12, 478]. Бұл сілтемелерден көріп отырғанымыздай *ep* синкретті түбірінің тағы бір мағынасы «көлденең» семасын береді екен.

Ал *im/ым/өм/үт* «өтетін», «ағатын» етістігін құрайтыны белгілі және *ыс/ис* «су, өзен» сөзі екені де баршаға мәлім. Сонда *Epmic* < *Ep* «көлденең» + *im* «өтетін, ағатын» + *ic* «өзен, су» болып шығады, яғни, жинақтап айтқанда, Ертiс «көлденең ағатын өзен» деген мәнде тұруы мүмкін.

Атауға негізгі уәж (мотив) болған - оның Алтайға баратын, Алтайдан шығатын құрлықты көлденең кесіп өтуі, яғни өткел мәселесі. Көне түркілер «Алтын тауын асып, Ертiс өзенін кешусіз жерден кешуге» мәжбүр болады. М.Қашқари сөздігінде келтірілген мысалда:

«Ысытатын аптап қапсырды

Үміт артқан адам жауықты.

Ертiс суын кешпекші,

Содан халық сескенді», - деп Ертiстен өтуге үлкен мән беріледі [9, 186] Ұзындығы 4,5 мың километрге жуық, ені 100-120м өзенді кешіп өте алмаған керуендер өзенді бойлап, оның басын (Моңғол Алтайын) айналып өтуге тура келген. Тарихта Шыңғысхан әскері соңына түскен найман Күшлүк сұлтанның сарбаздары Ертiс суынан өтерде, көп шығынға ұшырағаны айтылады. М.Қашқари мен Ә.С.Гардизидің судан өту мәселесін айтып отырғандары да тегін емес.

Еділ – *Іділ/Еділ* гидронимі ежелгі заманнан бері таныс. *Еділ* гидронимін орыс тілді ғылыми еңбектер *Идел/Итил* түрінде алады да, талдап әкетеді. Атаудың түпнұсқасын бұрмалап алып, оның этимологиясын іздеу, әрине, дұрыс емес. Барлық ғалымдардың пікірлері *Еділ* «үлкен, суы мол өзен» деген мағына береді дейді (Поспелов, 2007, 123). Біз де бұл пікірді теріске шығармаймыз, бірақ башқұрт тіліндегі *изель* < *езел* (*Ақизел*) нұсқасына сүйеніп *Еділ* мен *Есіл* бір түбірден шыққан бір ғана атау болуы мүмкін деп жорамалдаймыз (*Еділ* < *Езіл* < *Есіл*). Мұндағы *es* түбірі «баяу, ақырын» деген мағынаға саяды (самал еседі, жел еседі, «жел соғадыға» қарсы мәнде). Екі өзенге де тән ортақ белгі – олардың жазық даламен ағуы. Ал жазықтықтағы су баяу, есіліп ағатыны мәлім.

Қорыта келгенде, Ертiс, Еділ, Есіл сияқты көне гидронимдердің этимологиясын тап басып ашу қиынға соғады, сондықтан күні бүгінге дейін айтылған пікірлердің барлығы дерлік, соның ішінде менің пікірім де, болжам дәрежесінде деп ұққан жөн. Логика ғылымында болжамдардың көп болғаны құптарлық құбылыс болып есептеледі, өйткені сол болжамдардың бірінде шындық жатады.

Кезіндегі ата-бабаларымыз жайлаған Оңтүстік пен Солтүстікке дейінгі, Шығыс пен Батысқа дейінгі аралықта орналасқан қазақтың кең даласын, жерінің байлығын жазушы көркемдеп, өте әсерлі суреттейді. «Ұлытау - *Дәшті Қытшақ* даласының кіндік ортасы. Батысы - Еділ, Жайық, солтүстігі - Есіл, Тобыл; шығысы - *Epmic*, оңтүстігі - Сыр бойы. Осы *Дәшті Қытшақ* жеріне тегіс ие болғаннан кейін, ол *Мауреннахр* жеріне көз сала бастады» [8, 21]. Ортасында *Дәшті Қытшақтың* орналасып, төрт жақтан төрт үлкен өзен ағып жатқанын келтіреді. Осындай шұрайлы жерге жаулардың қызығып, көздерін тіге бастағанын жазушы ескертеді.

Шығармада өзендер, көлдер, таулар ежелден келе жатқан тарихи атауларымен аталып, жазушының табиғат құбылысын шебер тілмен суреттеуі арқылы жанды картинаны елестетеді. Мысалы: «Көне заманда, Қошан патшалығы кезінде, *Шу* өзені *Сырдарияға* құйған. Шуға сол жағынан Сарысу, оң жағынан Талас өзені келіп қосылған. Сол заманның өзінде Шудың Сырға құятын сағасында, Талас өзенінің бойында Сығанақ, *Тараз*; *Яссен* өзенінің жағасында *Отырар* қалалары болған» [8, 97]. Осы жерде Жібек жолы бойында орналасқан Шу, Сырдария өзендері мен Тараз, Отырар қалалары аталады.

Трилогияда табиғат көріністері, пейзаждың тамаша үлгілері образды бейнеленеді. «Осы құмды, құмайты, қылыш тасты, түкті қабақ жартасты, қияқ шөпті, бозанды далада көне заманнан, тіпті Шыңғысхан шабуылынан бұрын көп жылдан бері келе жатқан *Сығанақ*, *Сауран*, *Отырар*, *Яссы*, *Сайрам*, *Ақрұқ* атты көне шаһарлар бар», - деп, даланың табиғи

келбетін бейнелеп, көне шаһарларды атайды [8, 96]. Көне тарихи шаһарға боз даланың көрінісін жазушы сәйкестендіріп береді.

Отырар, Яссы, Сайрам ұлы Жібек жолының бойындағы тарихи қалалар. «Ертеде еліміздің негізгі қалалары Отырар, Түркістан, Тараз, Испиджап болып саналған» [13] Отырар Қазақстанның ортағасырлық ірі қалаларының бірі болған. Сырдарияның Арыс өзеніне құяр сағасына таяу орналасқан. Бұл қалалардың дамуына Жібек жолының бойында тұрғандықтан, сауда-саттықтың, кәсіпкерліктің ықпалы зор болған.

«Көшпенділер» трилогиясын зерттеген ғалым Қ.Алпысбаевтың сөзіне ден қойсақ: «Ілияс Есенберлиннің тарихи шығармаларын талдау барысында айқын көз жеткізуге болады. Қайсар мінез, қажырлы еңбек, тұңғық білім негізімен ұштасқан жазушы болмысын танимыз. Жазушының баяндау тәсілі, кейіпкер толғанысы, психологисы арқылы берілетін ой қорытулар, философиялық түйіндер осыны көрсетеді», - дейді [14, 78].

Жер-су атаулары шығарма оқиғасымен, кейіпкерлер образдарымен қиюласып беріліп отырады. «Алмас қылыш» романындағы басты кейіпкерлердің бірі - Әбілқайыр хан. Таусылмайтын шапқыншылықтар - роман сюжетінің арқауы. Қайнаған тартыстың қақ ортасында жүрген Әбілқайыр ханның басындағы кесел ойдың бірі - Дешті Қыпшақты уысынан шығармау еді. «Отыз жыл хандық құрған өмірінде Үргеніш пен Самарқандты да шапты. Мауреннахрдан Сығанақ, Созақ, Отырар, Ақрұқ, Ақ-Қорған тәрізді Дешті Қыпшақ елінің көне шаһарларын қайтарып алды» [8, 21]. «Бұл мезгілде Моғолстан мен Дешті Қыпшақтың ортасындағы бүкіл Түркістан өлкесі Әбілқайырдың қолында тұрған» [8, 84].

Осы үзіндідегі Самарқанд атауына тоқталсақ:

Самарқанд – Ұлы Жібек жолындағы көне қала (б.э.б. VIII ғасырдан белгілі). Қала атауының этимологиясы туралы көптеген болжамдар бар. Солардың ішінде ең көп айтылатыны – Семізкент ойконимі. Самарқандты түркі тіліндегі семіз және парсы тіліндегі кенд «қала» сөздерінен шығарған Әбу Райхан Әл-Бируни болатын. Кейін М.Қашқари өз сөздігінде осы пікірді келтіреді [9].

XIX ғасырда өмір сүрген жергілікті оқымысты Әбу Тахирқожа Самарқанди деген адам қаланың орнында Самар атты бастау болғандықтан, кейін қала Самарқанд аталған деп жазады.

Өзбек ғалымы Х.Хасанов қаланың атын иран тіліндегі һамара «жиналыс, көпшілік» сөзі мен кенд «қала» сөздерінен жасалғанын жазады. «Тұрғыны көп» деген мағынаға меңзейді. Тағы бір өзбек ғалымы Т.Рахматов парсы тіліндегі самар «арық, канал» сөзі мен кенд сөзінен жасалған ойконим деп табады. Осы аймақтың жер-су аттарын зерттеген П.Б.Лурье Самарқанд атауының негізінде соғды тіліндегі асмара «тас, жартас» сөзінің жатқанын атап өтеді.

Жоғарыда келтірілген немесе келтірілмеген болжам-тұжырымдарды қолдай отырып, өз болжамымызды ұсынамыз. Топонимикада «атау нысанның ерекше бір белгісіне орай беріледі» деген заң бар. Осы тұрғыдан келгенде, Самарқанд ойконимінің негізінде соғды (парсы) тіліндегі сәмәр «жеміс» сөзі жатыр деп топшылаймыз (Жеменей,1994,255): сәмәр + кенд > Самарқанд «жеміс қала (жемісті қала)». Мұндай тұжырым жасауға мынадай себептер (этиология) бар:

- Қаланы соғдылар салғаны анық, сондықтан атаудың екі сыңары да парсы тілінен ашылады.

- «Бабыр-намада» Самарқанд қаласының айналасын бақша мен жүзімдіктер қоршап жатқаны жазылады (Бабур-наме,1948,72).

- Семізкент атауындағы семіз сөзі «бір нәрсенің молдығын» білдіретін семаға ие: малдың семіздігі. Бұл жерде «жеміске бай» деген мәнде қолданылып тұруы да ықтимал.

Алтын йыш. Көне түркі ескерткіштерінде: «Алтұн йышығ тоға Ертіс үгүзіг кече йорыдымыз» (КТб-36-жол. Орхонские надписи,2001,78) – деп жазылған. Алтын йыш қазіргі Алтай тауы екені басы ашылған нәрсе. Ал Алтай оронимі қайдан шықты? Ол үшін, Алтай оронимі (тау аты) туралы көптеген ғылыми пікірлер бар және оларды жинақтап, салыстыра қарасақ, шындыққа біртабан жақындаймыз деп ойлаймын:

1. В.В.Радлов: Ал "биік" + тайга "орманды тау" сөздерінен бірігіп, алтай, телеуіт, сағай тілдерінен жасалған деп тұжырымдайды (Радлов,1888,34). Атақты түркітанушы-ғалым

мұндағы тайга сөзінің неліктен тай түріне қысқарғанын ашып айтпайды, сондықтан бұл пікір өзінен-өзі тұйыққа тіреледі.

2. В.В.Бартольд: көне түркі жазба ескерткіштерінде Алтын йыш, қытайша Цзинь-шань немесе Гинь-шань дегеніне қарағанда, моңғолдың алтан немесе алта сөзінен шығады. Атау кейін, қалмақ үстемдігі кезінде, пайда болған сияқты дейді (Бартольд,1963,100). Ғалымның Цзинь-шань, Гинь-шань түрінде беріп отырған Алтай тауының қытайша аты қазақша транслитерация жасағанда, Жинь-шань "алтын тау" тұлғасына жақын келеді.

3. Э.М.Мурзаев: Алтай моңғолдың "таулы ел", "бай тау" деген сөзі. Алатау атымен де байланысты болуы мүмкін. Алтайн-нуру дегеніне қарағанда, моңғолдың "алтын" сөзімен байланысты болуы да ықтимал деген жорамалдар айтады (Мурзаев,1966,337]. Әрі географ, әрі топонимист ғалымның этимологиясы нақты емес екені пікірінен білініп тұр.

4. В.А.Никонов: Алтай - түркі тілінде "ала тау" деген мағына береді деп қорытады (Никонов,1966,21]. Алайда тілдік талдау жасап, дәлелдеп жатпайды.

5. Б.Я.Владимирцов: Алтун йыш - Алтай атауының көне түрі. Моңғол тілінде Алта(н) + й = Алтай орысша "золотой" деген сөз деп шешеді (Владимирцов,1929,170). Жұрнақ (й) жалғанғанда, н дыбысы түсіп қалады және көне моңғол тілінде й жұрнағы болған дейді моңғол тілін зерттеуші ғалым. Осы атау көне түркілік Алтын йыш-ты ығыстырып шығарған.

6. М.Рясянен: Тау атының құрамы ал + той сөздерінен бірігіп, "алып тау" деген ұғым туғызады деп шорт кеседі (Рясянен,1955,139).

7. А.Әбдірахманов: Көне түркі, моңғол тілдерінде алта (н) + ай/й жұрнағы арқылы жасалған, мағынасы "алтын" (тау) деп Б.Я.Владимирцовтың пікірін қостайды (Жанұзақ,2007,34).

8. Э.В.Севортян, Г.Дерфер, Г.Рамстедт, Г.Вамбери, А.Щербак, Т.Жанұзақ қатарлы ғалымдар алтан сөзін ал "қызыл" + тун, тын "темір, металл" түбірлерінен біріккен дейді де, Алтай "қызыл, қызғылт", яғни "алтын тау" деген мәнде тұр деген пікір айтады (Севортян,1974,35).

9. Е.Жанпейісов: Алтай, Алатау оронимдерінің түбірі бір, ондағы ал "үздіксіз", "тізбектелген" (таулар) деген көне мағына береді деген тұжырым жасайды (Жанпейісов,1989,21].

10. Ғ.Қоңқашпаев: Моңғолша алт (алтын) + тай (туынды сын есім жұрнағы қаз. -лы, -лі, -ды, ді) = алттай >алтай "алтынды" мағынасын береді әрі қытайша Цзинь-шань аты да осы мазмұндас деп шешім шығарады (Қоңқашпаев,1959,88).

Келтірілген пікірлерден көрініп тұрғандай, ғалымдардың көпшілігі бұл атаудың негізінде алтын сөзінің жатқанын мойындайды (Б.Я.Владимирцов, Э.В.Севортян, Г.Дерфер, Г.Рамстедт, Г.Вамбери, А.Щербак, А.Әбдірахманов, Ғ.Қоңқашпаев, Т.Жанұзақов, т.б.). Алайда алтын сөзінің тұлғасын беруде ала-құлалық бар және тай тұлғасы бірде "тау" мағыналы сөз, бірде жұрнақ (ай/й) болып әртүрлі құбылады. Таудың ерекше белгісі онда алтын металының бай болуы екені анық бола тұра, кей ғалымдар алтын сөзінің этимологиясын қазып әкетеді (алтун "қызыл темір). Алтын сөзі атау жасауға тұтасымен қатысып тұрғандықтан, оны жеке талдап керек жоқ. Сонымен Алтай оронимі қай тілде жасалып тұр деген заңды сұрақ туады.

Орхон жазбаларында Алтын йыш (732-735жж.), Қытайдың "Таншу" жылнамасында Алтынтағ (647ж), Моңғолдың "Құпия шежіресінде" Алтынтау (XIII ғасырдан бері) түрінде көрсетіледі де, Алтай атауы кездеспейді. Бұл жерде академик В.В.Бартольдтың "Алтай оронимі кейін шыққан тәрізді" деген болжамы рас болып шығады. Оның Алтай атауы қалмақ-жоңғар кезінде пайда болды ма деген пікіріне сүйенсек, таудың көне түркілік нұсқаларын (Алтын йыш/Алтынтағ/Алтынтау/Алтынды) моңғол тілді халықтардың бірі өз тілдеріне аударып алуы мүмкін екені анықталады. Түркілік атауды моңғолдар жаулап алғаннан кейін (Алтынорда кезінде), өз тілдеріне аударып атаған тәрізді. Ал мағынасы сақталып қалған. Жаулап, отарлап алған елдердің тілі келмегендіктен, немесе әдейі саясатпен жер-су аттарын өзгертуі тарихта бар жағдай. Жер-су аттарының тарихи оқиғаларға, қоғамның саяси өміріне тікелей байланысты екенін ертедегі ғұлама бабаларымыздың бірі Әбу Райхан әл-Бируни айтып

кеткен еді: "Жер аттары, - дейді ол, - басқа халықтың сол жерді жаулап алуымен бірге өзгереді. Олар өз тілдеріне көшіргенде, атау міндетті түрде өзгеріске ұшырайды, бірақ мағынасы сақталып қалады" (Бияров,2002,45].

Ал аударма (калька) қалай жүрді деген сұраққа қазақ ғалымы Ғ.Қоңқашпаевтың пікірі жауап беретіндей: алт + тай = алттай >алтай "алтынды". Мұндағы моңғол тіліндегі -тай/-туй туынды сын есім жұрнағы қазақ тіліндегі -лы/-лі, -ды/-ді туынды сын есім жасайтын жұрнақпен сәйкес келетіні дәлелденген нәрсе: М.Қашқариде Суырлытағ - моңғолша Тарвагантуй - қазақша Тарбағатай "суырлы". Ал -тай қосымшасын тау сөзінің көне нұсқасы деген пікірге келісуге болмайды. Түркі тілдерінде тағ/дағ/тау/тав/туу/тыа/ты нұсқалары ғана кездеседі. "Тау" сөзі моңғолша - уул (олаа), қытайша - шань, парсы тілдерінде - куһ түрлерінде айтылады.

Байбалық – Ұйғыр қағанаты кезінде Селеңгі өзені бойына салынған қала. Көне түркі. бай «бай, байлығы мол» және балық «қала» сөздерінен бірігу арқылы жасалған ойконим (ДТС,1969,79-80). «Бай қала» мағынасын береді.

Бесбалық – көне түркі. беш «бес (сан есімі)» + балық «шахар, қала» (Қашқари,1997,436) сөздерінен бірігіп жасалған ойконим. М.Қашқари «Ұйғырлардың ең үлкен шахарларының бірі Бес балық деп аталады» дейді (сонда). Сондай-ақ, Бешбалық/Бесбалық Тан империясының Бэйтинь басқақтығына қарайды және бұл өлкеде бес қала бар болғандықтан, Бесбалық деп те аталған деген пікір де бар (Малявкин,1981,42). Бұл жер Тянь-Шань тауының шығыс сілемдері Боғдашань, Баркөлтағ, Қарлықтағ тауларының теріскей жағы болатын (Сонда, 176). Бұл қазіргі Жоңғария (Шыңжан-ұйғыр автономиялық ауданы) аумағына жатады. Бесбалық жалпы өлке атынан жеке бір қалаға ауысқан атау болып табылады.

Болчу жазығы/Болчү үгүз/Болчү нұсқасында да кездеседі. Мәтін бойынша, Алтайдан түсіп, Ертіс өзенін кешіп өткенде, Болчү жазығы мен өзені бар екені байқалады. Л.Н.Гумилев Қара Ертістен өткендегі қазіргі Ұрынғы өзенін осы Болчү деп табады (Гумилев,1994,299). Біздің жорамалдауымызша, Болчү көне түркі. бол/бұл ауыспалы мағынада «бүлік шығару, қатты ашулану» (ДТС,1969,122) түбір сөзі + шы (кәсіпті, бейімділікті білдіретін жұрнақ) тұлғалары арқылы жасалып, «тентек, тасығыш (өзен)» мағынасын беруі мүмкін. М.: Ел бұлғанды «ел таралды, тарқады (көтерілді - ДТС)» (Қашқари,1997,340). Ел бұлді «бүлінді» (қазақ.). Қазіргі Ұрынғы атауының түбірі де көне түркі. ұрұн/үрүн «көтерілу, тұру» мәнін береді: үрүнді «тұрды, қопты» (Қашқари,1997,240).

Бұхара – Ұлы Жібек жолындағы көне, әрі ірі қалалардың бірі. Бұхара/Буһара ойконимін Академик В.В.Бартольд санскрит тіліндегі вихара «будда ғибадатханасы» деген сөзден шығарған еді (Бартольд,1965,36). Ғалым бұл пікірді М.Қашқаридің пікіріне сүйеніп айтқан сыңайлы. Е.М.Поспелов өз еңбегінде, А.Мухаммаджановтың Бұхара ойконимін соғды тіліндегі бугоро «құдайдай сұлу» сөзінен шығаратынын келтіреді (Поспелов,2007,103). Бұл жерде қала орналасқан жердің табиғатының көркемдігі ескерілсе керек.

Келтірілген тұжырымдарды жоққа шығармай, өз болжам-пікірімізді ұсынамыз. Бұхара қаласы салынған жер Зарафшан өзенінің бір саласы тарамдалатын, көгалды, сазды жер болғандықтан, ол көгалды жазықты парсы (соғды) тіліндегі тұрғындары бохар «тұман, бу» сөзімен атаған деп ойлаймыз (Жеменей,1994,234). Сулы жерде тұман болатыны табиғи нәрсе және бохар/бұхара «тұманды» топонимі кейін пайда болған қала атына ауысқан болуы керек. Ол жерді ежелден соғдылар мекендегені тарихтан белгілі.

Жасыл өзен, мәтінде Йасыл үгүз, деп түркілер қытай жерінде ағатын Хуанхэ өзенін атаған (Махпиров,1997,253). Ал қытай. Хуанхэ «сары өзен» деген мағына береді (БСЭ,1926-1947). Суының түсі сары болғанымен, кей тұста жасыл реңк беріп ағатынын фотосурет пен бейне жазбадан анық көруге болады. Түркілердің жаулап барған жері.

Йінчү өзені/Инжу Сырдария өзенінің көне атауларының бірі екені тарихтан белгілі. С.Г.Кляшторныйдың айтуынша, бұл өзен көне түркі жазба ескерткіштерінде Йенчу үгүз «маржанды (жемчужная) өзен» деп аталса, қытай жазбаларында Чжень чжу-хэ «река истинного жемчуга» деп аталған көрінеді. И.Маркварт осы түрік, қытай тілдеріндегі мағынаны парсылар өзгертпей, Яқсарт «истинный жемчуг» түріне аударып алғанын дәлелдеп

шыққан (Кляшторный,1964,189). Ал О.О.Сүлейменов славян тілдеріне енген түркі сөздерінің қатарына жемчуг сөзін де жатқызады. «Өйткені, - дейді ол, - қытай тіліндегі йенчу сөзінің нақты этимологиясы болмағандықтан, оның өзі түркі тілінен қабылданған сөз болуы мүмкін» (Сулейменов,2002,9).

Біздің ойымызша, ертеде, негізінен көшпелілер мекендеген Орта Азия мен Қазақстан далаларында, қала аз салынғандықтан және көшпелілер қарым-қатынас жасайтын қалалардың дені осы өзеннің (Сырдария) бойында моншақша тізіліп орналасқандықтан, ол өзенді түркілер Інжу “моншақ, маржан” деп атаған. Көне карталарға қарасаңыз, өзенді жағалай орналасқан қалалар жіпке тізген моншақты көз алдыңызға әкеледі. Сонда Інжу гидронимі жай ғана таңба емес, семантикасы бар толыққанды сөз болып шықпай ма?! Топонимнің сөзге жуық болатыны да содан – оны шартты таңба сияқты шексіз ауыстыра беруге келмейді. Сол заттың белгілерімен ғана шектеледі. Мәселен, Сырдария гидронимі кейін ол өзеннің сырға, бояуға ұқсас сары түсті суына орай берілді деп жүрміз, алайда осы сыр сөзінің өзі көне иран тілінде «інжу», «сырға, моншақ, маржан», деген мағына береді деген пікір де жоқ емес (А.Әбдірахманов, Қ.Өмірәлиев). Ал өзен суында теңіз маржандарының болуы мүмкін емес, ендеше бұл жерде «інжу» сөзі метафоралық мағынада тұрғаны анық.

Кеңу Тарман Түрүк Қағанатының батысындағы жер атауы. Нақты қай жер екені анықталмаған. Кеңу Тарман топонимінің мағынасы да ашылмаған. Біздің ойымызша, Кеңу көне түркі. кеңу «кеңейген, жайылған» (ДТС,1969,299) сөзі мен Тарман көне түркі. тар «сал қайық» (Қашқари,1997,207) + ман (зат есім жасайтын жұрнақ, үнемі болатын оқиға орнын білдіреді: алар+ман, шабар+ман) туынды сөзінің бірігуінен жасалады да, «салмен өтетін өткел» мағынасын береді. Сонда, Кеңу Тарман «кең, жайылған өткел» мағынасын беруі әбден мүмкін. Түрік Қағанатының батыс шекарасындағы жер болса, Сырдария мен Амударияның біріндегі өткелді атауы ықтимал.

Көгімен жыныс, дұрысы Көгмен йыш (ДТС,1969,312). Көгмен көне түркі. көг/көк «көк түсті, көгілдір» + мен (сын есім жасайтын жұрнақ) арқылы жасалып, «көк түсті, көгілдір (тау)» мағынасын береді: Қара-ман «қара түсті» сияқты. Мұндағы йыш көне түркі. йыш «адам тұруға жарамды орманды тау аңғарлары» (ДТС,1969,268) мағынасын береді. Қазіргі ұғымда «таулы қарағайлы орман, тайга» (Мурзаев,1984,237) мәнінде қолданылады. Түркітанушы С.Қаржаубай және басқалар қазақ. жыныс «қалың орман» түрінде аударған. Біздің ойымызша, йыш термині үнемі тау аттарымен (оронимдермен) тіркеседі: Алтын йыш, Өтүкен йыш, Көгмен йыш, Сұңға йыш т.б. Ендеше, йыш кейбір аудармаларда (М.Жолдасбеков) кездесетін «тау қойнауы» мәніне сәйкес келетін сияқты (Орхонские надписи,2001,171). Сонда, «Көне түркі сөздігінде» берілген анықтама дұрысқа шығады: «Адамдар мекендеуге қолайлы орманды тау қойнауы». Тау қойнауларының, көбінесе, орманды болып келетіні де рас. Түркітанушы-ғалым Л.В.Дмитриева йыш/жыс сөзінің Шығыс Сібірде ғана жиі қолданылғанына қарап, түркі емес көрші тайпалардан енген геотермин болуы мүмкін екенін айтады (Дмитриева,1984,142).

Өтүкен йыш, кейде Өтүкен йір, топонимі көпшілікке танымал, өйткені Түрік Қағанатының орталығы болған аймақ. Осы жерден Табғашқа қарай керуендер «арқыш-тіркіш» жүріп тұрған. «Өтүкен Хангай тауының солтүстік саласы» (Дмитриева,1984,142) немесе «Үтүкен – Орхон өзенінің солтүстік-батыс жағында жатқан Хангай тауының шығысқа қарай құшақ жайған үлкен ұшасы» (Қайыркен,2008,51) деген пікірлер бар. Сондықтан болар, көптеген зерттеушілер Отүген/Өтүген «қасиетті жер, киелі орын» мағынасын береді деген тоқтамға келеді (Л.Потапов, В.Владимирцов т.б.) (Махпиров,1997,257).

Өтүкен топонимінің этимологиясы туралы айтылған көптеген пікірлерді жоққа шығармай, өз анықтамамызды ұсына кетейік, себебі этимология көбінесе болжамға сүйенеді. Өтүкен көне түркі. от «шөп, көк» (ДТС,1969,373) + ы (тәуелдік жалғауының 3-жағының жалғауы) сөзі мен кен/кең «кең, мол, дарқан» (ДТС,1969,298) сөздерінен біріккен атау, мағынасы «оты (шөбі) мол (шұрайлы)» дегенге келеді.

Түркілердің атамекені болған Отүкен/Өтүкен тауы Хангай тауының бір сілемінің аты емес, бүкіл таудың түрікше аты болған, ал моңғолдар кейін келіп, осы атауды өз тілдеріне

аударып алған. Моңғол. Хангай «орманды тау жотасы» мағынасында қолданылғанмен, оның түбірінде хана-х «қану, тою, сусындау» сөзі жатыр (Базылхан, 1987, 565, 566). Ал Хангай «қану, тою, сусындау» мағынасы Отыкен «оты (шөбі), суы мол, дарқан» мағынасынан алыс кетіп жатқан жоқ. «Мал тойынатындай отты жер» деген бір ұғымға саяды.

«Көшпенділер» трилогиясында Әбілқайыр ханның XIX ғасырдың тұсында әлемді дүрліктірген Дешті Қыпшақ ішкі сыртқы күштердің әсерінен әлсіреп, ыдырай бастаған кезі, оның ішінде ыдырап, жекелеген хандықтарға бөлініп кете бастаған алмағайып дүрбелең оқиғалардың тізбегімен жалғасады. Әбілқайырдың ырқына Керей мен Жәнібек сұлтандар көнбеді. Олар қазақ ұлысын бөліп алып, жеке хандық құруды армандады. Олардың соңынан ерген ел нығайып, кеңеюі үшін Керей мен Жәнібек сұлтандары билеушілермен соғысуға мәжбүр болды. Орталық Азияның кең байтақ жерін жан-жақтан тілгілеп жеке-жеке иемденген шағын хандықтармен алысу, ұдайы көшкен біресе оң жағына, біресе сол жағына ауысқан көне қалалар мен шұрайлы жерлер елдің есін шығарып, талай рет елдің есін шығарды.

«Үргенішті алуды арман еткен Әбілқайыр *Дешті Қыпшақтың* оңтүстік құмайтты жағын қиғаштай жүріп, бір аптадан кейін *Отырардың* солтүстік тұсынан өтетін *Сейхун* дарияның қамыс, жиде, қарағашты жағасына келіп жетті» [8, 72]. Әбілқайыр ханның Сырдария өзенінің жағасына келіп жайғасқанын осылай сипаттайды.

Сығанақ пен Созақты өзіне қаратып алып көңілі көтеріліп отырған қазақ Ордасының ханы Жәнібек Яссы, Отырар, Сауранды, Сайрамды алу үшін билеушілеріне «өз еріктеріңмен беріліңдер» деп хат жазады. Жәнібек ханның ойы Дешті Қыпшақ даласы мен Моғолстан арасында үлкен қалалармен сауда-саттық орнату еді. Ол туралы романда былай айтылады: «*Сығанақ пен Созақты* алғаннан бері *Қыпшақ даласы* мен *Моғолстан, Алтын хан, Қара теңіз* жағасындағы қалалармен сауда-саттық жұмысын күшейту - хан әсіресе көңіл бөлетін мәселелер еді» [8, 129]. Бұл үзіндіде кең байтақ Қыпшақ даласы мен Моғолстан, Алтын хан, Қара теңіз жағасындағы қалалар арқылы ұлы Жібек жолы жүріп, сауда-саттық дамығанын көруге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, мақалада Ұлы Жібек жолы бойына орналасқан ірі-ірі елді мекен аттары мен макротопонимдерге этимологиялық талдау жасалды. Талдау топонимнің қай тілден жасалғанын, қандай мағына беретінін анықтауды мақсат еткен еді. Таңдап алынған 14 атауды зерттеу барысында, Жібек жолы бойындағы топонимдер, негізінен, үш тілде жасалғаны мәлім болды: түркі (Алтай, Ертіс, Еділ т.б.); соғды (парсы) (Бұхара, Самарқанд); қытай (Шантуң). Бұл топонимдер Ұлы Жібек жолының таралу аймағын тұтас көрсетпесе де, негізгі бір тармағын айқындап тұр деуге болады.

Топонимика ғылымын құрайтын үштің бірі (тіл, тарих, география) біреуіне, көбінесе тіл біліміне, артықшылық беріліп жүргенімен, қалған екеуін төмендетуге болмайды. Топонимиканың көптеген мәселелері таза тіл білімі тұрғысынан шешіле бермейді, үнемі экстралингвистикалық зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Бұл, өз кезегінде, топонимикамен айналысатын адамның тарихты да, географияны да, олардың құрамдас бөліктеріне дейін жақсы меңгеруін талап етеді. Бір ғана топонимнің этимологиясын ашып көрсету барысында үш сала жарыса араласып отырады. Жібек жолы бойында ірі қалалар кейіннен шапқыншылық соғыстар кезінде барлығы дерлік жер бетінен жоғалып құрыды. «Тарихи шығарма өткен уақыттың қайсы бір оқиғаларын қайталай бейнелеу үшін ғана жазылмаса керек. Оның ең маңызды міндеті – бүгінгі біздің заманымыздың өзінде зәрулігі кемімеген проблемалардың сол кезде туу тегін тауып, тарихын пайымдау», - деп ғалым Ш.Елеуеновтің айтқаны «Көшпенділер» трилогиясының құндылығын айғақтайды [15, 119].

Сонымен қорыта келгенде, ұлы Жібек жолы – ежелгі өркениеттің бастауы, тарих пен мәдениеттің құзар шыңы деуге болады. Жібек жолы арқылы сол уақытта қалалар өркендеп, елдің мәдениеті, сәулеті артты. Қазақ халқының тарихын, хандық билік институтын баяндайтын І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы жер-су атаулары ертедегі ел

тарихынан, жер тарихынан сыр шертеді. Жібек жолы бойындағы жер-су атаулары «Көшпенділер» трилогиясында ұтымды қолданылып, тарихи шындықпен көркемдік тұрғыдан шебер бейнеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Гумилев Л.Н. Көне түріктер: Көпшілік оқырман қауымға арналған. – Алматы: Білім, 1994. – 88 б.
- 2 Ravi K. Mishra The «Silk Road»: Historical Perspectives and Modern Constructions // Sage journals Volume 47, Issue 1 <https://journals.sagepub.com/>
- 3 Бердібай Р. Тарихи роман. Оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 1997. – 336 б.
- 4 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін 2002. – 528 б.
- 5 Есенберлин І. Жемісті талант // Жұлдыз. - 1975. – №1. – 209 - 213б.
- 6 Балтымова М.Р. Қазақ әдебиетіндегі тарихи проза. Электронды оқу құралы. – Ақтөбе, 2019. – 294 б. // Электронды ресурс: <http://neb.arsu.kz/kk/resources?cid=25&tid=69>
- 7 Бияров Б. Жер су аттарының сөзжасамдық үлгілері (Монография) – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.
- 8 Есенберлин І. Көшпенділер. Тарихи трилогия. – Алматы: Көшпенділер, 2006. – 912 б.
- 9 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы / ауд. А.Егеубай. Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 б.
- 10 Жанұзақ Т. Атаулар сыры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
- 11 Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы: Ғылым, 1975. – 204 б.
- 12 Аманжолов С. Қазақ тілінің диалектологиясы мен тарихы мәселелері. - Оқу құралы. 2-басылым, толықтырылған. - Алматы: Санат, 1997. - 608 б.
- 13 Aitolkyn Moldagaliyeva, Aliya Aktymbayeva, Yerlan Issakov, Aizhan Assylbekova, Kuanyshbek Kenzhalin, Ardak Beisembayeva, Gulzhanat Begimova, Lóránt Dénes Dávid. Socio-economic significance of tourism development on the great silk road (Kazakhstan section) // GeoJournal of Tourism and Geosites Year XVII, vol. 52, no. 1, 2024, p.116-124
- 14 Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Таймас, 2008. – 232 б.
- 15 Елеукенов Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын. – Алматы: Жазушы, 1977. – 300 б.

Материал 13.06.2024 баспаға түсті

Топонимы Великого шелкового пути в трилогии И. Есенберлина «Кочевники»

А.М. Картаева¹, К.А. Кусманова¹, К.К. Молгаждаров², А.О. Спатай³

¹ВКУ им. С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, 070020, Республика Казахстан

²Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

³Центрально-Азиатский Инновационный университет, Шымкент, 160000, Республика Казахстан

В статье исследуется использование топонимов вдоль Великого Шелкового пути, встречающихся в трилогии «Кочевники» Ильяса Есенберлина. Обсуждается значение Великого шелкового пути в человеческой цивилизации и истории, а также его функция в торговой культуре. Основное внимание уделено анализу трилогии «Кочевники»

И. Есенберлина, выдающегося писателя, подробно описавшего историческую генеалогию казахского народа. Обсуждается место трилогии в казахской прозе, движущая тема, идея, сюжет, система образов. Подтверждено, что данное произведение является исторической энциклопедией, воссоздающей пятисотлетнюю историю казахского народа и изображающей известных деятелей нашей истории. В трилогии «Кочевники» выделяется историческая художественность

писателя в использовании топонимов. Определено, что названий мест, дающих сведения об истории страны и края, в трилогии «Кочевники» много, и доказано, что они играют важную роль в произведении. Определено, что названия мест и вод вдоль Великого шелкового пути используются в произведениях для изображения природных сцен, истории страны, характеров героев, анализируется художественное мастерство писателя. В работе показано, что реки, озера, горы с древних времен называются историческими именами. Делается вывод о том, что названия мест вдоль Шелкового пути отражены в трилогии «Кочевники» и искусно изображены с исторической правдой с художественной точки зрения.
Ключевые слова: трилогия, Великий Шелковый путь, топонимы, исторический роман.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Гумилев Л. Н. Древние турки: для широкого круга читателей. - Алматы: Образование, 1994. - 88 с.
 - 2 Ravi K. Mishra The «Silk Road»: Historical Perspectives and Modern Constructions // Sage journals Volume 47, Issue 1 <https://journals.sagepub.com>
 - 3 Бердыбай Р. Исторический роман. Учебное пособие. - Алматы: Писатель, 1997. - 336 с.
 - 4 Нурғали Р. Золотой век казахской литературы. - Астана: Культегин 2002. - 528 с.
 - 5 Есенберлин И. Плодотворный талант // Звезда. - 1975. – №1. – 209 – 213 с.
 - 6 Балтымова М. Р. историческая проза в казахской литературе. Электронное учебное пособие. - Актобе, 2019. - 294 с. // Электронный ресурс: <http://neb.arsu.kz/kk/resources?cid=25&tid=69>
 - 7 Бияров Б. Словообразовательные образцы географических названий (монография) - Алматы: Институт развития государственного языка, 2012. - 460 с.
 - 8 Есенберлин И. Кочевники. Историческая трилогия. - Алматы: Кочевники, 2006. - 912 с.
 - 9 Кашгари М. Словарь турецкого языка (Дивани лугат-ит-Турк): собрание сочинений в 3-х томах / ауд. А. Егубай. Алматы: ХАНТ, 1997. - 1353 с.
 - 10 Жанузак Т. Тайна имен. - Алматы: Дайк – Пресс, 2007. - 524 с.
 - 11 Абдрахманов А. Топонимика и этимология. Алматы: наука, 1975. - 204 с.
 - 12 С.Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Учебное пособие. 2-издание, дополненное. – Алматы: Санат, 1997. – 608 с.
 - 13 Aitolkyn Moldagaliyeva, Aliya Aktymbayeva, Yerlan Issakov, Aizhan Assylbekova, Kuanyshbek Kenzhalin, Ardak Beisembinova, Gulzhanat Begimova, Lorant Denes David. Socio-economic significance of tourism development on the great silk road (Kazakhstan section) // GeoJournal of Tourism and Geosites Year XVII, vol. 52, no. 1, 2024, p.116-124
 - 14 Алпысбаев К. Историческое произведение в казахской литературе: познавательное и художественное. - Алматы: Таймас, 2008. - 232 с.
 - 15 Елеукенов Ш. Современный разум. Литературная критика. - Алматы: Писатель, 1977. - 300 с.
- Материал поступил в редакцию журнала 13.06.2024

Names of places and water related to the Great silk road in the trilogy «Nomads» by I. Yesenberlin

A. Kartaeva¹, K. Kusmanova¹, K. Molgazarov², A. Spatai³

¹ S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, 070020, Kazakhstan

² Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Kazakhstan

³ Central-Asian Innovation University, Shymkent, 160000, Kazakhstan

This article explores the use of toponyms along the Great Silk Road in Ilyas Esenberlin's trilogy “Nomads”. It discusses the historical and cultural significance of the Great Silk Road, particularly

its role in trade and its impact on civilization. The paper focuses on Esenberlin's portrayal of the historical genealogy of the Kazakh people, examining the trilogy's place in Kazakh literature, its central themes, ideas, plot structure, and character development. The study argues that Nomads functions as a historical encyclopedia, effectively reconstructing the five-hundred-year history of the Kazakh people and depicting prominent historical figures. The article further analyzes how Esenberlin employs toponyms associated with the Great Silk Road, highlighting the historical artistry embedded in the use of place names. It is shown that the toponyms in Nomads serve not only as markers of historical and geographical context but also contribute to the depiction of natural landscapes, the country's history, and character development. The study concludes that the use of historical place names, such as rivers, lakes, and mountains, reflects the writer's artistic skill and historical accuracy, enriching the narrative with cultural and geographical depth.

Key words: trilogy, the Great Silk Road, toponyms, historical novel.

REFERENCES

- 1 Gumilyev L.N. Kone turikter: Kopshılık okyrman kauymga arналган [Ancient Turks: For a wide range of readers] (Almaty, 1994)
- 2 Ravi K. Mishra The «Silk Road»: Historical Perspectives and Modern Constructions // Sage journals Volume 47, Issue 1 <https://journals.sagepub.com>
- 3 Berdibai R. Tarihi roman. Oqu qūraly [Historical novel. Educational tool] (Almaty, 1997)
- 4 Nurgali R. Qazaq adabietnın altyn kasyry [Golden age of Kazakh literature] (Astana, 2002)
- 5 Esenberlin I Jemistı talant // Juldyz. - 1975. – №1. – 209 – p.213
- 6 Baltymova M.R. Qazaq adabietindegi tarihi proza. Elektronıdy oqu quraly [Historical prose in Kazakh literature. E-learning tool] (Aktobe, 2019) Elektronıdy resurs: <http://neb.arsu.kz/kk/resources?cid=25&tid=69>
- 7 Biarov B Jer su attarynyñ sözjasamdyq ülgilerı (monografıa) [Word formation patterns of land and water names (monograph)]. – Almaty: Memlekettik tıldı damytu instituty, 2012. – 460 b.
- 8 Esenberlin I Koşpendiler. Tarihi trilogia [Nomads. Historical trilogy] (Almaty, 2006)
- 9 Kashkarı M. Turik tilinin sozdigi (Dıyanı lugat-it-turk): 3 tomdyq shygarmalar jinagy / aud. A.Egeubaı. (Almaty, 1997)
- 10 Januzak T. Ataular syry. (Almaty, 2007)
- 11 Abdirahmanov A. Toponımıka jane etimologia. (Almaty, 1975)
- 12 S.Amanzholov S. Questions of dialectology and history of the Kazakh language. A study guide. 2nd edition, expanded. (Almaty, 1997)
- 13 Aitolkyn Moldagaliyeva, Aliya Aktymbayeva, Yerlan Issakov, Aizhan Assylbekova, Kuanyshbek Kenzhalin, Ardak Beiseminova, Gulzhanat Begimova, Lorant Denes David. Socio-economic significance of tourism development on the great silk road (Kazakhstan section) // GeoJournal of Tourism and Geosites Year XVII, vol. 52, no. 1, 2024, pp.116-124
- 14 Alpysbaev K. Kazaq adabietindegi tarihi şygarma: tanym jane korkemdık [Historical work in Kazakh literature: cognitive and artistic] (Almaty, 2008)
- 15 Eleukenov Sh. Zamandas parasaty. Adebı syn. (Almaty, 1977)

Received: 13.06.2024